

Тұлғасы да талғамыда биік – ұстаз.

Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ұлттық ғылым академиясының академигі, атақты экономист, бүкіл экономистердің ұстазы – ұстазым Кенжеғали Әбенұлы жайлы шәкірттік жақсы лебізімді білдірсем деп едім. Менің пікірімше ол кісі тумасынан дара да дана азамат. Біріншіден, қазақстанда білім мен ғылымның оның ішінде экономика ғылымы мен экономика мамандарының қалыптасуына және дамуына өзінің үлкен үлесін қосты. Екіншіден, бүкіл ғұмырын ғылым мен білімге және жастарды өз заманына сай тәрбиелеуге күш жігерін аямады. Үшіншіден ол кісі жұмыс атқарған және басқарған ұжымдар тек дамып алдыңғы қатардағы өндірістерге айналды. Жастарды ғылым мен білімнің шыңына жету үшін аянбай еңбек етуге және барлық уақытта ол кісі бізге < Ғылым киелі және қасиеті > бар деп айтып отырды. Сонында себебі тиген шығар мен бүгінгі күні Ұлыбритания елінде өте жоғарғы бір оқу орнында, өз тәжірибемді жоғарылатып жүрмін. Ұстаздың сенімінен шығу үшін күндіз түні еңбек студеміз және білімі мен ғылымы дамыған елде тәжірибе алып жатқаным өзімді бахытты санаймын . Бұндай бахытқа ие болуыма алдымен алла , содан соң ата-анам және барлық уақытта қадірмен құрмет тұтатын ұстазым Кенжеғали Әбенұлы. Ұстазымның бойынан тектілікті және даралықты байқайсыз, ол кісі әрбір қазақтың баласын жалғызым деп білетін азамат. Қазақтарда айтып жатады ғой, руға, жүзге бөлінеді деп. Ондай қасиетті ол кісінің бойынан көрмедім. Себебі, мен қазақпын бірақ қазақстанда туылмағам, ұстазымды жоғарғы оқу орнын бітіргенде ғана бірінші рет көрдім. Оқуды жақсы бітірген жастарды, жоғарғы оқу орнына мұғалім болып қалуға, бізді 25-қазақ азаматын алып қалды соның ішінде менде болдым, осы уақыттан бері ұстазымның жанында келе жатырмын . Кенжеғали Әбенұлы өз халқына аянбай еңбек еткен азамат. Білім мен ғылымды терең меңгере жүріп, ұлттық ғылым академиясын басқарды, 4-жоғарғы оқу орнына ректор болды , 30-ға жуық ғылым докторларын және 50-ден аса ғылым кандидаттарын дайындады , 200-ге жуық ғылыми мақалалар мен оқулықтар, 10-нан аса монография жазды. Қазақтың атын әлемге танытты, 1992 –жылы Әлемнің жыл адамы атағына ие болды, Халықаралық жоғарғы мектеп академиясының, Пакистан академиясының және Нью-Йорк академиясының академигі деген атақтарын алды . Ел алдындағы үлкен еңбегі, еліміз тәуелсіздігін алып, экономикамызға қиын жылдары, экономикалық жаңа бағдарламалар жасауға, теңгеміздің пайда болуына, экономиканы жаңа бағытта білетін мамандарды даярлауда және қайта даярлауға оқу жүйелерінде түбегейлі өзгеріс енгізгіп , нарықтың қыр- сырын

таныстырып елге жеткізуге ат салысқан азамат. Қазақтың жүрегі болған екі-астанада біліктілігін, күш жігерін және қайратын аямай еңбек етті. Ақмола ауыл шаруашылығы институтын басқарған жылдары, еліміздің солтүстігіне және тың жерлерді игеруге ауыл шаруашылығының мамандарын дайындау оқу бағдарламаларына өгерістер енгізіп, жаңадан заман талабына сай ғимараттар және оқу тәжірибе лабораторияларын тұрғызды. Бүгінгі күні бұл жоғарғы оқу орны тек елімізге емес әлемдік университеттер қатарында болуға тырысуда. Сонымен қатар тек Ақмолада емес бүкіл солтүстік университеттерінің дамуына өз үлесін, Солтүстік Қазақстан жоғарғы оқу орындарының ректорларының төрағасы болып жүргенінде өз күшін аямады. Содан кейін Алматы халық шаруашылығы институтында нарыққа сай мамандарды дайындауға, жаңа бағытта, жаңа үлгіде, жаңа бағдарламалар жасап, алдымен академияға содан соң нарыққа нақ керекті мамандар даярлайтын университет қалыптастырды. Елімізге ең бірінші болып бизнес терминдерін оқу бағдарламаларында енгізіп оны іске асырды. Қазақстанда алғашқы бизнес мамандарын дайындайтын < Бизнес мектептерін> және < кеңес беру > орталықтарын ашуға ат салысты. Алматы Халық Шаруашылығы университетінің қалыптасуына және өркендеп дамуына көп еңбек сіңірді. Бүгінгі күні бұл университет елімізге және алыс – жақын шет елдерге белгілі жоғарғы оқу орны. Одан соң екі үлкен, ауыл шаруашылығына мамандар дайындайтын университеттер бірігіп Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы университеті болып қайта құрылды. Бұл университеттің ректоры болып Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев тағайындалды. Еліміз егеміндігін алып экономикада қиын кездер уақыты еді, соған қарамай ауылдың қамын ойлап, ауыл жастарын білімге және ғылымға баулуға керемет еңбек сіңірді. Мысалы, алыс шалғайдағы талантты және білікті балдарды жинап, оларға оқуға түсуге бүкіл жағдай жасап қамқор болды. Қазақстанда бірінші болып осы оқу орнында, жоғарғы техника технологиямен жабдықталған кітапхананы, студенттердің білім ошағына айналдырды. Университетті халықаралық деңгейге көтеріп, елімізде ауыл шаруашылығы мамандарын қазіргі заманға сай дайындап, университет дәрежесін, Қазақ Ұлттық Аграрлық Университет деңгейіне жеткізді. Бүгінгі күні Кенжеғали Әбенұлы еліміздің экономикасының қарқынды дамуына ат салысып, үлкен жобалар мен бағдарламалар дайындап, оларды іске асыруда көп еңбек етуде. Қазір Халықаралық Бизнес Университетінің президенті. Халықаралық Бизнес Университеті елімізде бірінші болып нарыққа сай мамандарды дайындайтын және нарықтық экономика терминдерін және жаңа оқыту әдісі мен жүйесін қалыптастырған оқу орны. Бұл университет қазіргі таңда үш тілде білікті, білімді мамандарды дайындауда. Ұстазым

жайлы көп жақсы сөздер айталамыз және жазамызда. Ең бастысы алдымыздағы келе жатқан туған күнімен құттықтап, Алла сізге ұзақ ғұмыр берсін, сіздің елге бергеніңізден әліде береріңіз көп. Дәулетті де сәулетті, қуанышқа, шаттыққа толы өмір, тәтем екеуіңіз немере мен шөберенің қызығына тоймаңыздар деп тілек білдіруші шәкіртіңіз.

ӘБУ Мұхаммедов
Ұлыбритания Университет Лестер
Қазақ газеті №08, 20.02.2015ж.